

إِنَّكَ لَنْ تَدَعَ شَيْئاً لِلَّهِ عَزَّ
وَجَلَّ إِلَّا بِدَلِّكَ اللَّهُ بِهِ مَا
هُوَ خَيْرُكَ مِنْهُ

ҰЛЫ ЕРЕЖЕ

Сен Аллаһ Тағала
үшін не нәрсені
тастасаң да, Аллаһ
саған оның орнына
жақсырағын
береді

Дайындаған шейх
Хайсам Сархан
басшылығындағы
"Сунна" колледжі

mahadsunna.com



alsarhaan.com

Ұлы ереже

Тыйым салынған әуес-қалаулар мен құмарлықтар, жаман әдеттер адамның жан дүниесін тұтқынға алып, оның жүрегіне билік ете алады. Бұл құмарлықтардан, әуес-қалаулар мен әдеттерден бас тарту, олардың қанауынан құтылу оңай емес болуы мүмкін. Бірақ онымен бірге Аллаһ болған адам үшін бұл олай емес. Кімде-кім Жаратушыны тағзыммен ұлықтаса, Одан қорқып, Оны жақсы көрсе, Аллаһ Тағаланың Өзі оны күнәлі істерден, жаман ниеттерден сақтайды; кімде-кім Аллаһтың көмегіне тәукеп етсе, Аллаһ оның жаман әдеттерімен де, нәпсі қалауларымен де күресуіне көмектеседі. Аллаһ Тағаланың мына сөздерін еске алыңыз:

وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ

«Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады»

(«әт-Толәк» сүресі, 3-аят).

Жаман әдеттерден арылу бұны Аллаһ үшін жасамайтындар үшін қиын болады. Ал кім олардан Жаратушының разылығы үшін, Оның алдында ықылас танытып бас тартса, сол тек ең басында, осыған қарай алғашқы қадамдар жасаған кезінде болмаса, бұл істе аса үлкен қиындық кешпейді.

Алғашында ол Аллаһ Тағала оған сынақ ретінде, яғни ол өз ниетінде қаншалықты шыншыл екендігін сынау үшін, жіберген кейбір қиындықтарды сезінуі мүмкін. Әрі адам сол кезде сәл сабырлық танытса, онда бұл қиындықтар тәтті қуанышқа, рухани ләззатқа, қанағатқа айналады. Адамның арылатын әдеті немесе құмарлығы қаншалықты харам болса, оның нәпсісінің осы харам іске деген құштарлығы неғұрлым күштірек болса, әрі оны жасауға итермелейтін жағдайлар неғұрлым көп болса, адамның осы опат етуші нәрселерден Аллаһтың разылығы бас тартқанына берілетін сауабы да соғұрлым үлкен болады.

Адамның бойында тақуалықтың болуы оның жаратылысында әлдебір тыйым салынған бейімділіктердің болуы мүмкін емес дегенді білдірмейді. Мәселе бейімділіктің болуы мүмкін емес екендігінде емес. Мәселе бұндай бейімділіктің жоқ болуында емес, алайда өзіңді олардың көрініс табуынан және өз күнә-кемшіліктеріңмен күресуде. Расында, нағыз жиһад пен шынайы тақуалық міне осы.

Ал бұл күресте біздің арқайсымызға көмектесетін әрі біз соны білу тиіс болған бір өзгермейтін ақиқат бар. Бұл ақиқаттың маңыздылығы соншалықты, оның маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Алайда, оны ұстану бақыттың ең негізгі себептерінің бірі болғанына қарамастан, өкінішке орай, көптеген адамдар оны есіне де алмайды, ал кейбіреулер бұл туралы тіпті білмейді де. Бұл ақиқатты бізге Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нұсқаған. Ол былай деген:

إِنَّكَ لَنْ تَدَعَ شَيْئًا لِلَّهِ عَزَّ وَجَلَّ، إِلَّا بَدَّلَكَ اللَّهُ بِهِ مَا هُوَ خَيْرٌ لَكَ مِنْهُ

«Егер сен Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ үшін әлдебір нәрседен бас тартсаң, онда Ол саған оның орнына міндетті түрде сен үшін одан қайырлысын береді» (хадисті Ахмад келтірген, 23074; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Ендеше, жаман әуес-қалаулардан, құмарлықтардан, әдеттер мен күнәдан бас тартыңыз, сонда Аллаһ Тағала сізге олардың орнына олардан едәуір жақсырақ нәрселерді береді. Ең бастысы, жаман нәрселерден бас тартып, сіз оның орнына Аллаһ Тағалаға жақындауыңыздан туындайтын теңдесі жоқ қуаныш сезіміне бөлінесіз, Аллаһ Тағаланы зікір етуден жүрегіңіз тыныштық табады, жүрегіңіз күшейіп, сергек әлі белсенді болады. Оған қоса, сізге бұл дүниеде сауап беріледі, ал мәңгі Ақырет дүниесінде сізді кәміл әрі толық сауап күтіп тұрады.

Ал енді осы маңызды ереженің қалай жұмыс-әрекет жасауының кейбір мысалдарын келтірейік:

1. Кімде-кім адамдардан үнемі көмек сұрауды және оларға үміттенуді тоқтатып, үміттерін тек Аллаһқа ғана байланыстырса және оларды жаратылыстардан ешкіммен байланыстырмаса, Аллаһ оған соның орнына едәуір жақсы нәрсе: жүректің еркіндігін, жанның ұлылығын, басқа адамдарға жүгінбей-ақ амалдауды нәсіп етеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَمَنْ يَسْتَغْفِرِ يُعَفِّهِ اللَّهُ وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ وَمَنْ يَصْرِ يُصَرِّهُ اللَّهُ

«Кімде-кім ұстамдылыққа (яғни өзінде барына қанағат етіп, адамдардан ешнірсе сұрамауға) тырысып ұмтылса, Аллаһ оны нысантылыққа (ұстамдылыққа) келтіреді; кімде-кім өз күшімен амал-әрекет әрекет етуге тырысса, Аллаһ Тағала оны басқаларға жүгіну қажеттілігінен құтқарады, ал кім сабырлық танытуға тырысып ұмтылса, Аллаһ оған сабырлық береді»

(хадисті әл-Бухари, 1469 және Муслим, 1053 келтірген).

2. Кімде-кім өзін Аллаһтың үкімдеріне наразылық танытудан және Оның тағдырына кейіс танытудан тыйса, басына бір бақытсыздық келгенде шағымдануды және ашулануды қойып, Аллаһтың қалауын мойынсұнушылықпен орындаса, Аллаһ Тағала оған қанағат пен берік иман нәсіп етіп, істеріне ол тіпті күтпеген жақсы нәтиже береді.

3. Кімде-кім көріпкелдерге, бақсыларға, сиқыршыларға және шайтанның басқа да қызметшілеріне барудан бас тартса, Аллаһ оған сабырлықты, Өзіне деген шынайы тәуекелді, нағыз бірқұдайшы болуды нәсіп етіп, оның жәрдемшісі болады.

4. Кімде-кім өзіне, немесе үйіне, немесе көлігіне (адамдардың ойынша) жаман көзден сақтайды деген шыны көздер, тікендердер, жылқының тағасы, қабыршақтарды және адамдардың ойынша бәлені болдырмайды деген жіптер мен сақиналар сияқты тұмарлар ілуден бас тартса, сол міне осылардың орнына Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың қамқорлығы мен қорғауына ие болады. Ал дәл сол тұмарларды ілетін адамдар өте қорқынышты көпқұдайшылық, яғни Аллаһқа серік қосу күнәсін жасайды әрі Аллаһ оларға жаза ретінде оларды осы тұмарларға тапсырып қояды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім өзіне әлдебір нәрсе ілсе, сол соған тапсырылады»**, - деген. Ойланып көріңізші, сіз шынында да, Мәңгі Тірі Аллаһ Тағаланың сізді Өзінің қорғауы мен

жәрдемінен, қамқорлығынан айырып, тастап кетуін және сізді тіпті бала да сындыра алатын әйнек немесе тікенге қорғауға тапсырып қоюын қалайсыз ба? Жылқының тағасы сізге қалайша бақыт әкелмек, ал жіп қалайша сізден бақытсыздықты алыстатпақ?! Сонда ақыл-есіңіз қайда?

5. Кімде-кім ашкөздікпен ақша мен дүние игіліктерін қууды тоқтатса, Аллаһ оның жүрегіне қанағат пен байлық салып, дүние игіліктері оған жеңіл және бағынышты күйде келетіндей етіп қояды.

6. Кімде-кім адамдардың келеке етуілерінен немесе олардың ренжітулерінен қорққандығынан Аллаһтың әмірлерін орындаудан бас тартатын адамдар секілді, Аллаһтан басқа біреуден қорқуды қалдырса, Оның жаратылыстарының алдындағы қорқынышты тастап, тек Жаратушыдан ғана қорқатын болса, Аллаһ Тағала оны күдік пен түрлі қорқыныштардан арылтады да, ол қорқатын барлық нәрселерден сақтайды және оған қажетті болған қауіпсіздік пен тыныштық сезімін нәсіп етеді.

7. Кімде-кім өтіріктен бас тартып, шыншыл болса, Аллаһ оған салиқалық нәсіп етіп, оны Өзінің құзырында ең шыншыл етіп жазады әрі оған адамдардың арасында жақсы атақ береді, сөйтіп адамдар оны құрметтей бастап, оның пікіріне құлақ асып, оған ілесетін болады.

8. Кімде-кім мақсаты өз қарсыласын қалай болса да жеңу болып табылатын жеке дау-жанжалдар мен пайдасыз пікірталастарды, тіпті өзінікі дұрыс болса да қалдырса, Аллаһ Тағала оның орнына оған Жәннаттың шеткі аймақтарынан үй нәсіп ететіндігіне кепілдік береді. Сонымен қатар, бұл адам дау-дамайлар мен айтыс-тартыстардың жаман зардаптарынан құтылып, жүрегінің тазалығын сақтап, кемшіліктерінің адамдарға ашылуынан аман қалады.

9. Кімде-кім сауда-саттықта Аллаһтың разылығы үшін өтірік пен алаяқтықтан бас тартса, Аллаһ оған оның орнына саудасына береке беріп, адамдардың оған деген сенімін арттырып, сатып алушыларды оның тауарына ұмталатын қылып қояды.

10. Кімде-кім өсімқорлықтан, пайызбен қарыз беруден немесе қарыз алудан, сондай-ақ табыс табудың басқа да тыйым салынған жолдарынан бас тартса, Аллаһ Тағала оның орнына оған игілік-береке мен молшылықтың есіктерін ашады да, оның мал-мүлкін ол үшін пайдалы етеді.

11. Кімде-кім Аллаһтың разылығы үшін бөтен әйелдерге құмарлық-шақуатпен көз салудан жән азғын суреттер мен бейне тастпаларды көруден бас тартса, оған Аллаһ Тағала осының орнына көрегенділік, тазалық пен рухани нұр беріп, оған сөзбен жеткізуге келмейтін жүрек ләззатын нәсіп етеді.

12. Кімде-кім сараңдықтан бас тартып, жомарттық пен кең пейілділікті артық көрсе, сол Аллаһқа және Оның Жәннатына жақындайды, сондай-ақ мұң-қайғыдан, уайымнан, рухани қиыншылықтардан құтылады, оның абыройы көтеріліп, ол кемелдік жолында биік дәрежелерге ие болады және адамдарға сүйікті болады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ يُوقِ شُحَّ نَفْسِهِ فَأُولَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Ал кім нәпсісінің сараңдығынан құтылған болса, солар бақытқа қол жеткізгендер»

(«әл-Хашр» сүресі, 9-аят).

13. Кім менмендіктен арылса және өзін кішіпейілділікке үйретсе, оның Аллаһ пен адамдардың алдындағы абыройы өсіп, қадірлі әрі құрметті болады. Бұл Аллаһ Тағаланың уәдесі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَمَا تَوَاضَعَ أَحَدٌ لِلَّهِ إِلَّا رَفَعَهُ اللَّهُ

«Кім Аллаһтың разылығы үшін кішіпейілділік танытса, Аллаһ оны міндетті түрде жоғары етеді»

(хадисті Муслим келтірген, 2588).

14. Кімде-кім тәтті ұйқы мен жылы төсектен бас тартып, намаз оқу үшін әрі аса Жоғары Жаратушыға құлшылық ету үшін төсектен тұрса, сол міндетті түрде осының орнына айтып жеткізуге келмейтін қуанышқа, шаттықа, сергектікке және, ең бастысы, Аллаһтың разылығы мен Оның қорғауына ие болады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ صَلَّى الصُّبْحَ فَهُوَ فِي ذِمَّةِ اللَّهِ

«Кімде-кім таң намазын оқыса, сол Аллаһ Тағаланың қорғауының астында болады»

(хадисті Муслим келтірген, 657).

15. Кім арақ ішуден, темекі шегуден, есірткіден бас тартса, сол Аллаһ Тағаланың көмегі мен мейіріміне лайық болады және денсаулық пен бақытқа қол жеткізеді. Ол арақ пен есірткі беретін өтірік және өткінші бақытқа емес, шынайы бақытқа ие болады.

16. Кімде-кім мүмкіндігі мен күші бар бола тұра, кек алудан бас тартса, ол Аллаһ Тағаладан ішкі кеңшілік пен жүректің қуанышты хәлін алады. Егер сіз кешіріп, кек алудан бас тартсаңыз, онда сондай бір тыныштық пен рахат сезінесіз, сондай бір жан дүниеніздің ұлылығы мен ардақтылығына ие боласыз да, кешірім мен зұлымдыққа зұлымдықпен жауап берудің арасындағы айырмашылықтың қаншалықты үлкен екенін бірден түсінесіз.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَا زَادَ اللَّهُ عَبْدًا بِعَفْوٍ إِلَّا عِزًّا

«Аллаһ Тағала өз құлына оның кешірімі үшін тек ұлылық қосады»

(хадисті Муслим келтірген, 2588).

Бұл сөздер қаншалықты көркем әрі таңқаларлық екендігіне қараңыз. Адам өзіне жамандық жасаған адамды кешірсе, сол арқылы өзін қорлап, басқалардың көз алдында абырой-мәртебесін түсіріп алады деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде кешірім оның ұлылығын арттыра түседі. Аллаһ Тағала былай деген:

وَجَزَاءُ سَيِّئَةٍ سَيِّئَةٌ مِّثْلُهَا فَمَنْ عَفَا وَأَصْلَحَ فَأَجْرُهُ عَلَى اللَّهِ إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الظَّالِمِينَ

«Бір жамандықтың жазасы өзіндей ғана жамандық. Ал кім кешірім етіп, жарасса; онда оның сыйы Аллаһқа тән. Расында, Ол залымдарды жақсы көрмейді»

(«әш-Шура» сүресі, 40-аят).

17. Кімде-кім қуаныш пен қызық тек солармен бірге болады деп сенген, өзі соларға байланып қалған жаман жолдастармен араласуды тоқтатса, Аллаһ Тағала оған солардың орынан тақуа, жақсы жолдастар береді, әрі оған солармен араласу қызық та, пайдалы да болады. Ол осы салиқалы адамдармен араласу арқылы осы дүние мен Ақыреттің игілігіне қол жеткізеді.

18. Кімде-кім мол тағамнан бас тартса, сол ашкөздіктің зардаптарынан құтылады. Шынында да, қомағайлық жанның да, тәннің де дертеріне әкеледі. Аллаһ Тағала былай деген:

وَكُلُوا وَاشْرَبُوا وَلَا تُسْرِفُوا

«Жеңдер, ішіңдер де, ысырап етпеңдер»

(«әл-Әғраф» сүресі, 31-аят).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде былай деп айтылған:

مَا مَلَأَ آدَمِيٌّ وِعَاءَ شَرًّا مِنْ بَطْنٍ، بِحَسْبِ ابْنِ آدَمَ أَكَلَاتٍ يَقْمَنُ صُلْبُهُ، فَإِنْ كَانَ لَا مَحَالَةَ:

فَثُلُثٌ لِبَطْنِهِ، وَثُلُثٌ لَشَرَابِهِ وَثُلُثٌ لِنَفْسِهِ

«Адам баласы толтыратын ең жаман ыдыс – оның қарыны. Адам омыртқасын ұстап тұратындай ғана аздап жесе жеткілікті. Ал көбірек жеу қажет болып жатса, онда қарынның үштен бірін тамақпен, үштен бірін сумен толтырсын және дем алу үшін үштен бірін бос қалдырсын»

(хадисті Ахмад, 17186; әт-Тирмизи, 2380; Ибн Мәжаһ, 3349 жеткізді; әл-Әлбарани «Сахих әт-тарғиб уә-т-тархиб» еңбегінде оны сенімді деп атаған, 2135).

19. Кімде-кім қарызын кешіктіруден бас тартса, Аллаһ оның қарызын өтеуге көмектеседі. Аллаһ Тағала мұқтаждықтан туындаған қарыздарын өтеуге шын ниетпен ұмтылған әрбір адамға жәрдем береді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَا مِنْ عَبْدٍ كَانَتْ لَهُ نِيَّةٌ فِي أَدَاءِ دَيْنِهِ إِلَّا كَانَ لَهُ مِنَ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ عَوْنٌ

«Қарызын өтеуге ниет еткен кез келген пендеге Аса Ұлы әрі Жоғары Аллаһтан көмек болады»

(хадисті Ахмад жеткізген, 24439; әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 5734).

20. «Кімде-кім ашуланудан бас тартса және өз теріс эмоцияларына ерік бермесе, сол оның орнына абыройының сақталуына, жақсылық пен ардақтылыққа ие болады және ашумен жасап қоюы мүмкін болған іс-амалдарынан кейін келетін өкініш пен қорлануды түзетіп кешірім сұрау қажеттілігінен құтылады». Адам ашуын тежеп, наразылығын баса алмағандықтан қаншама көп нәрселерді жоғалтады десеңізші! Ол жантүршігерлік сөздер айтады, басқаларды ренжітіп, оларды тілімен қатты жарақаттайды немесе тіпті дене жарақаттарын да тигізуге дейін барып, әйелін, балаларын, көршілерін ұрып-соғады, өзінің немесе өзгенің мал-мүлкін бүлдіріп, қиратады. Ашу мен ашушаңдық адамды жүйке мен жүрек-тамыр жүйесінің түрлі ауруларына алып келеді. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашу көрсетуден сақтандырған. Бірде

бір адам оған: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Маған бір өсиет беріңізші*», - деп жүгінді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:

لَا تَغْضَبْ

«*Ашуланба!*», - деп жауап берді.

(хадисті әл-Бухари келтірген, 6116).

Әлгі адамға бұл кеңес жеткіліксіздей болып көрінді және ол тағы да өсиет сұрады, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған тағы да: «*Ашуланба!*» - деп жауап береді. Дәл осы үшінші рет қайталанды. Шамасы, бұл адам ашуын ұстай алмауымен сипатталатын кісі еді және бұл ол үшін ең маңызды өсиет болды. Ал саналы және күшті адам өз бойындағы ашуды байсалдылықпен басып, оны жазалануға әкеп соқтыратын зардаптарды болдырмау үшін, жалынды өртке айналу қауіпі бар ашу ұшқындарын ұстамдылықпен сөндіруі керек. Салиқалылығымен, даналығымен танылған халифа Умар ибн Абдулазиз бірде бір адамға ашуланды. Ол оны өзіне алып келуді бұйырды. Әлгі адам келтірілді және оны жазалау үшін дүре соғатын таяқтар дайындалды. Бірақ Умар: «*Оны жіберіңдер!*», - деді. Кейін ол әлгі адамға: «*Егер мен дәл қазір ашу сезініп тұрмағанымда, сені жазалар едім*», - деді де, Құранның мына сөздерін оқыды:

وَالْكَاطِمِينَ الْغَيْظِ

«**Ол ашуларын жеңушілер**». Умар қандай аятты оқыды? Бұл аяттарда Аллаһ Тағала кеңдігі жер мен көктей болатын Жәннатты тақуа адамдар үшін дайындағанын айтып, сосын бұл тақуалардың сипаттарын атап, былай деген:

وَالْكَاطِمِينَ الْغَيْظِ وَالْعَافِينَ عَنِ النَّاسِ

«**Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер және адамдарды кешірім етушілер**»

(«Әли Имран» сүресі, 134-аят).

21. «*Кім Аллаһ Тағаланың разылығы үшін бір нәрседен бас тартса, оның орнына жақсырақ нәрсе алады*» деген ереженің іс-әрекет етуінін тағы бір мысалы - бұл көреалмаушылық (күншілдік) жайлы мысал. Кімде-кім қызғаныш-көреалмаушылықтан бас тартса, сол оның көптеген зиянды салдарынан аулақ етіледі, өзінің мойнынан өте қауіпті жүкті тастайдыда, оның орнын жеңілдік пен қуаныш басады. Көреалмаушылық – қауіпті және ауыр дерт, өте төмен және жиіркенішті сипат, ол көреалмаушының өзінің де, ол соны көре алмаған адамның да тыныс-тіршілігін уландыратын у. Күншіл адам – жәбірлеуші және ренжітуші, әрі ең алдымен ол өзіне өзі зәбір көрсетеді. Бір дана адам былай деген екен: «*Мен көреалмаушыдан артық соншалықты зәбірленушіге ұқсайтын зәбірлеушіні көрмегенмін. Оның жан дүниесі үнемі күйзеліс пен уайымға батып, ақыл-ойы шашыраңқы, ал жүрегі жол таппай тентіреген күйде болады*».

23. Тағы бір мысал: «*Кімде-кім атақ-даңқты қалаудан және адамдардың назарында болуды ұнатудан бас тартса, Аллаһ Тағала оның абыройын адамдардың алдында жоғарылатып, оның қадір-қасиеттері жайлы әңгімелер таралады және жақсы атақ оған өзі, құйрығын ізінен сүйреп келеді*».

24. Келесі мысал: «*Кімде-кім ата-анасына құрметсіздік көрсетуден бас тартып, оларға салиқалылық, жұмсақтық және құрмет көрсетсе, оның орнына*

Аллаһтың разылығы мен игілігіне ие болады. Аллаһ оған оның өзі секілді салиқалы, инабатты, қамқор перзенттерді нәсіп етіп, ал Мәңгілік өмірде Жәннатқа кіргізеді».

25. Әрі қарай: «Кімде-кім туыстарымен қарым-қатынасты үзуден бас тартса, оларға ілтипатпен қарап, олар одан бет бұрса да, оларға қолдау көрсетуге тырысса, Аллаһ Тағала оның байлығын арттырып, өмірін ұзартады және оған Өзінен бір көмекші береді».

26. Басқа мысал: «Кімде-кім түнерген, жақтырмайтын жүз көрсетуден бас тартып, оның орнына ашық жүзді, қонақжай, ақжарқын болса, соның жүрегі жұмсарады да, оны жақсы көретіндер көп, ал жек көретіндер аз болады». Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

تَبَسُّمُكَ فِي وَجْهِ أَخِيكَ صَدَقَةٌ

«Сенің өз бауырыңның жүзіне күлімдеп қарауың – садақа»

(хадисті әт-Тирмизи, 1956 жеткізген; әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» кітабында хадисті сенімді деп атаған, 2685).

Басқа хадисте былай деп айтылған:

إِنَّكُمْ لَا تَسْعَوْنَ النَّاسَ بِأَمْوَالِكُمْ، وَلَيْسَ عَنْهُمْ مِنْكُمْ بَسْطُ الْوَجْهِ وَخُسْنُ الْخُلُقِ

«Сендер барлық адамдарды мал-мүліктеріңмен қамти алмайсыңдар, сондықтан оларды жылы жүзбен және жақсы мінезбен қамтыңдар»

(хадисті әл-Хаким «әд-Мустадракта», 432; әл-Баззар, 8544; Абу Яғлә, 6550 келтерген; әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 2661).

Ақшаңыз қанша көп болса да, сіз барлық адамдарға олардың қалағанын бере алмайсыз. Бірақ сіз олардың барлығын өзіңіздің әдептілігіңіз және жарқын жүзділігіңізбен разы ете аласыз. Ибн Ғакийль әл-Ханбали: «Жылы шырайлылық жүректерді жаулап, адамдардың сені қабылдауына себеп болады, ал түнеру мен тұнжырлық таныту қарама-қарсы нәтижелерге әкеледі», - деген.

27. Мысалдарды жалғастырайық: «Кімде-кім адамдардан кемшілік іздеуді, оларды жамандап, келеке етуді тоқтатса, оның есесіне екі нәрсеге ие болады: біріншіден, ол адамдардың келеке-мазақ етуінен, олардың өзінің ар-намысына қол сұғуынан аман етіледі; екіншіден, өзін бақылап, өз кемшіліктерін түзеумен айналысу мүмкіндігіне ие болады». Хадисте былай деп айтылған:

طُوبَى لِمَنْ شَغَلَهُ عَيْبُهُ عَنْ عَيْبِ النَّاسِ

«Өзінің айып-кемшіліктері басқалардың айып-кемшіліктерін көруден алысқататын адамға Жәннатағы Туба ағашы болсын»

(хадисті әл-Бухари, 6237; әл-Байхақи «Шуғаб әл-иман»-да, 10563; және Абу Нуғайм, 203/3 жеткізген).

Бір дана әйел өз ұлына нұсқау беріп, былай деген екен: «Әй балам! Ешбір жағдайда адамдардың кемшіліктерін ақтарып іздеме, әйтпесе олардың насынасына айналасың, көптеген жебелерң соған қарай ұшатын нысана төтеп бере алмақ па?!».

Имам әш-Шәфиғи былай деген: «Егер адам иманды әрі тақуа болса, онда оның тақуалығы оны адамдардың кемшіліктерін іздеуден алысқататады. Ол өзінің дерті басқалардың дертіне алаңдатпайтын науқас секілді болады».

28. «Ақылсыз, надан адамдармен айтысудан бас тартқан адам өз абыройын қорғайды, өзіне ұнамсыз сөздерді естуден құтылады және өз жанын қажетсіз уайым-толғанулардан сақтайды». Аллаһ Тағала Өз Елшісіне былай деген:

حُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ

«(Мухаммад) кешірім жолын ұста және жақсылықты әмір ет. Сондай-ақ надандардан бет бұр»

(«әл-Әғраф» сүресі, 199-аят).

29. «Кімде-кім бекер іссіз сандалбай болу мен жалқаулықты тастап, еңбек етуге талпынса, соның орнына асқақ құлшыныс пен берекеге қол жеткізеді. Ол аз уақыт ішінде көп нәрсені істей алатын шапшаң әрі іскер болады». Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр таң және кеш сайын Аллаһ Тағаладан жалқаулықтан қорғаныш сұрайтын.

Сонымен, келтірілген мысалдардың барлығы: «Кім Аллаһ Тағаланың разылығы үшін бір нәрседен бас тартса, оның орнына жақсырақ нәрсеге ие болады», - деген бұлтарпас ережені растайды. Әрі бұл дәл осылай, өйткені сый мен жаза әрдайым амалға сәйкес болады. Сіз Аллаһтың разылығы үшін Оған ұнамсыз әлдебір нәрседен бас тарттыңыз, және осының сыйы ретінде өзіңіз соған разы болатын нәрсеңізді аласыз.

Бұл ереженің әрекетін растайтын жағдайлар сансыз көп. Бірақ оны ең керемет түрде көрсететін біреуін атап өтудің өзі жеткілікті болар. Юсуф пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) есімін бәріңіз білесіздер. Бұл пайғамбарға Аллаһ Тағала ерекше сұлулық сыйлаған. Құран Кәрімде Юсуф сол жерде құлдықта болған қаланың әйелдері оны көргенде, естері кетіп, былай дегені хабарланады:

حَاشَ لِلَّهِ مَا هَذَا بَشَرًا إِنْ هَذَا إِلَّا مَلَكٌ كَرِيمٌ

«Уа Аллаһ! Мынау адам емес; бұл бір құрметті періште ғой!»

(«Юсуф» сүресі, 31-аят).

Бұл әйелдер Юсуфты періште деп ойлады, өйткені оның жүзі адамдар арасында кездеспейтін сұлулыққа ие еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көктерге көтерілген түні Юсуфты (оған Аллаһтың сәлемі болсын) үшінші аспанда көргенін жеткізген. Оны сипаттай отырып, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

قَدْ أُعْطِيَ شَطْرَ الْحُسْنِ

«Оған сұлулықтың тең жартысы берілген екен», - деді.

(хадисті Муслим келтірген, 162).

Сөйтіп, Юсуф жат жерде жүргенде, оны бір атақты ақсүйек сатып алады да, оны өз үйіне қоныстандырып, оған мейірімділік танытады. Сол ақсүйектің әйелі Юсуфқа ессіз ғашық болып, оны табанды түрде азғыруға кіріседі, бірақ ол оның талпынуларының барлығын қабылдамайды және өзінің тазалығы мен пәктігін сақтап қалады. Бір күні ол күйеуінің жоқтығын пайдаланып, есіктерді құлыптап, Юсуфқа келуді бұйырады. Юсуф (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оған жауап ретінде: «Уа Аллаһ, мені бұдан сақта!» - деп дұға етеді.

Бұл орын алған оқиғада адамды күнә жасауға шақырып соған жол ашатын қаншама жағдайлар бар екені жайлы ойланып көріңізші. Егер басқа біреу осы жағдайлардың бәріне немесе олардың кейбіріне тап болса, онда ол бұған шыдамай, осы күнәлі шақыруға жауап берер еді. Мұның үстіне кейбіреулер өздері осындай ләззатты азғыруларды іздеп, азғыру орындарын өздері іздеп барады емес пе?! Олардың өздері пат болуға қарай асығады да, күнә жасап, бұл дүниеде де, мәңгілік өмірде де анық зиянға ұшырайды. Ал Юсуф болса, оны күнә болып табылатын қатынасқа шақырған көптеген себептерге қарамастан, өз арының тазалығын сақтап қалды.

Біріншіден, ол жас еді, ал жастық шақта, өздеріңіз білетіндей, адамның бойындағы жыныстық құштарлық күштірек көрініс табады.

Екіншіден, ол бойдақ еді, яғни өз құштарлығын қанағаттандыруға және құмарлығын басқа жолмен сөндіруге мүмкіндігі болмады.

Үшіншіден, ол сол елде бөтен адам еді, ал бөтен елде жүрген адамдар, әдетте, туған жерінде, туыстары мен таныстарының арасында болған адамдар сияқты ұят сезінбейді.

Төртіншіден, ол бір болмашы бағаға сатып алынған құл еді, ал құлдың жағдайы адамды күнә жасаудан еркін адамның жағдайына қарағанда әлдеқайда әлсіздеу бөгет жасайды.

Бесіншіден, оны азғырған әйел өте әдемі еді.

Алтыншыдан, ол әйел бай әрі атаққа ие болатын.

Жетіншіден, ол Юсуфтың иесі еді.

Сегізіншіден, үйде осы болып жатқан іске куәгер болатын ешкім болмады.

Тоғызыншыдан, әйел ол үшін әсемденіп, есіктерді жауып, оны өзіне табанды түрде шақыра бастады.

Оныншыдан, ол Юсуфты егер ол одан бас тартса, оны қорлайтындығын және жазалайтындығын айтып қорқытты.

Бірақ бұл жағдайлардың барлығына қарамастан Юсуф Аллаһтың разылығын қалап, Оның ашуынан қорыққандықтан сабырлық танытты. Ол Аллаһтың және Оның рахымын таңдады және бұл үшін дүниеде амандық және ұлылыққа, ал Мәңгі өмірде Жәннатқа ие болды. Бұрын құл болған Юсуф енді өзі қожайынға, ақсүйек төреге айналды, ал оған қарсы қастандық жасаған әлгі ақсүйектің әйелі оның қол астындағы күң секілді болды. Сол әйелдің кейін былай деп айтқаны хабарланады: «Осы күнә үшін патшаларды құл қылатын және құлдарды олардың Жаратушыға ұлы бағынуы үшін патшалар ететін Аллаһқа мақтау-мадақтар болсын».

Осының бәрін естіген парасатты адамға ненің жақсы екенін ойлаудың қажеті жоқ па: ізінен өкініш пен ашты жазаға айналатын тез өтіп кететін және қиялдан тоқылған өтірік ләззат па, немесе оның орнына шынайы рахат пен шынайы бақыт алу ма. Расында, кім Аллаһтың разылығы үшін бір нәрседен бас тартса, оның орнына одан жақсырақ нәрсеге ие болады.

**Аударған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы «Сунна» колледжі,
1444/223 ж.**